

Газ дегидрацияланып, диаметрі 24 дюйм, ұзындығы 500 км құбыр желісімен Лузон аралығындағы зауытқа тасмалданады.

2001 жылы Филиппин тәулігіне 1 мың баррельге жуық мұнай өндірген, ал 2002 жылы өндіріс Малампая кен орнының газ қаныққан құрылымының төменгі жағында орналасқан мұнай шоғырын игеруге байланысты аз уақытта 23512 баррельге өсті.

Тайланд

Тайландтағы көмірсутек қоры негізінен Тайланд шығанағы шельфіне көзделген (94% табиғы газ қоры). Онда дәлелденген қор көлемі 12,7 трлн. куб.фут газбен және 0,5 млрд. баррель мұнаймен бағаланады. 1998 ж мемлекеттің энергия көзін қолданыстағы мұнай бөлігі – 61,7%, газ – 22,4% құрайды. Энергияны тасмалдау қажеттілігінің 23%-ын Тайланд ішкі ресурстарымен қанағаттандырады, ал 77%-ын импорттайды.

Алғашқы газ Тайландта Erawan кен орнында 1981 жылы өндірілген. Қазіргі таңда мұнай, газ және конденсат 37 кен орындардан өндіріледі, соның ішінде 21 Тайланд шығанағында, ал 16-ы құрлықта орналасқан.

Тайланд газының ірі қорының көп бөлігі Малайзиямен бірге игеруге бағытталған 171 млрд. куб.метр.

Шығанақтағы кен орындардың табиғы газ өндіру үлесі: Erawan және көршілес құрылымда 61% (1150 млн.куб. фут.тәулік), Bongkot-24% (630 млн.куб. фут.тәулік), Tantawan-61% (125 млн.куб. фут.тәулік). Мемлекеттің ең ірі газ кен орны – Bongkot (қоры 4,5 трлн. куб.фут). Ол Тайландтың газға қажеттілігінің 3/1 бөлігін қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары жаңа газ кен орындары ашылған, олар: Arthit, Pakarang, Plamuk, Maliwan, North Jarmjuree және үш блок Малайзиядағы Lawit-Jernet және Тайландтағы Bongkot арасында, шельфте орналасқан. Arthit кен орны – әлемдік кластағы газ кен орны болып табылады, қоры 85-тен 170 млрд. куб.метр.тәулік көлемінде жеткізіліп тұрады.

Tantawan кен орны 80 м тереңдікте орналасқан. Ол 300 млн. куб.м газ, 50 мың баррель мұнай мен конденсат береді. Кен орында газды қабатқа айдау және біріншілік сепарацияны іске асыру үшін жабдықталған сағалық платформа орнатылған. Өнімнің соңғы дайындығы және мұнай түсіруі FPSO-да жүреді. Өндіріс 1997 ж басталды. Газ – Районптағы газ дайындау зауытына Erawan – Rayong магистральді құбырмен тасымалданады. Бірінші мұнай құрлықтағы Fang кен орнында өндірілген. Қазіргі уақытта 41% мұнай Sirikit (құрлықта) кен орнында және 42% Benchamas (Тайланд шығанағы) кен орнында өндірілуде. Қалған 4%-ы кіші кен орындардан өндіріледі. 86% мұнайды Тайланд өзінің өңдеу өнеркәсібінің қажеттілігіне импорттайды.

Вьетнам

Мұнай. Вьетнамның мұнай қоры 2,2 млрд. баррельді құрайды (басқа мәліметтер бойынша 600 млн. баррель). 2002 ж өндіріс күніне 339 мың баррельге жетті. Мемлекетте мұнай өңдеу кәсіпшілігі дамымағандықтан, өндірілген мұнайдың көп бөлігі Жапонияға, Оңтүстік Кореяға, Сингапурға